ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

PHILOLOGY

ҒТАМР 16.01.11

Х.А. Ордабекова[1], А.Д. Темірбаева[2]
[1,2]С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

ЛАТЫН ӘЛІПБИІН ҚАБЫЛДАУ – БОЛАШАҚПЕН САНАСУ

Аңдатпа. Аталған мақалада латын әліпбиіне көшудегі мақсат, ұлттық жазуды қалыптастыру, жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері, жазу мәдениетін компьютер техникасы арқылы дамыту қарастырылады. Мақаланың кіріспесінде латын әліпбиінің әлемде кеңінен қолданылуы, қазіргі латын әліпбиіндегі 25 таңба, әлем елдерінің 80-нен астамы латыннегізді әліпбиді пайдаланатындығы туралы ақпарат келтіріледі. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып қазақ тілінің заңдылықтарына сай өз әліпбиімізді латын қарпі негізінде жасау мәселесі көтеріледі. Рухани жаңғыру негізінде қолға алынған қазақ жазуына реформа жасау «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында латын негізді әліпбиді оңтайлы әрі жеңіл қолданысқа енгізу цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асыру көзделеді. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі білім беру саласында сандық сауаттылықты меңгерту, білім сапасын арттыру үшін дүниежүзілік тәжірибеден үздік инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану аясында жүзеге асырылатындығы айтылады. Кілт сөздер: жаңа әліпби, латын, цифрлық технология, емле ереже, білім беру.

Түйін сөздер: жаңа әліпби, латын, цифрлық технология, емле ереже.

***

Аннотация. В данной статье рассматриваются цели перехода на латиницу, формирование национальной письменности, правила правописания казахского языка на основе нового алфавита, развитие письменной культуры через компьютерную технику. Во введении к статье

представлена информация о широко распространенном использовании латинского алфавита в мире, 25 символов современного латинского алфавита, более 80 стран мира используют латинский алфавит. На основе международного опыта ставится вопрос о создании собственного алфавита на основе латинского алфавита в соответствии с закономерности казахского языка. Реформа казахской письменности, начавшаяся на основе духовной модернизации, в рамках государственной программы «Цифровой Казахстан» предусматривается оптимальное и легкое введение латинского алфавита на основе цифровых технологий. Одной из основных задач данной программы является освоение количественной грамотности в сфере образования, использование лучших инновационных методов и приемов от мировой практики для повышения качества образования.

Ключевые слова: новый алфавит, Латинский, цифровая технология, орфографическое правило.

***

Abstract. This article examines the aims of Latin alphabet transition, formation of national writing on the basis of the new alphabet and the development of writing culture through the computer techniques. The introduction to the article provides information about the widespread use of the Latin alphabet in the world, 25 characters of the modern Latin alphabet, more than 80 countries use the Latin alphabet. Based on international experience, the question of creating a native alphabet based on the Latin alphabet in accordance with the laws of the Kazakh language is raised. The reform of the Kazakh script, which began on the basis of spiritual modernization, within the framework of the state program "Digital Kazakhstan" provides for an optimal and easy introduction of the Latin alphabet based on digital technologies. One of the main objectives of this program is to master quantitative literacy in the field of education, using the best innovative methods and techniques from world practice to improve the quality of education.

Keywords: new alphabet, Latin, digital Technology, orthographic rule.

Қазіргі заман талабына сай бір принцип бойынша латын негізінде түзілген жаңа әліпби өзге түркі мемлекеттері сияқты экономика, мәдениет саласын дамытып, дүние жүзіндегі өркениетті елдердің бірі болуымызға жетелейді. Түркі елдері өздерінің тегі, тілі, тарихы және мәдениеті жағынан ортақтығына байланысты білім, мәдениет, өнер, әдебиет, экономика, технология, денсаулық сақтау салаларындағы қарым-қатынастарды дамытуды қажет деп табады. Ендігі жерде осынау бір қоғамдық үрдісті жалғастыруға, санамыздың оянып, салтымыздың жаңғыра түсуіне аса қажет тағы бір күрделі қадам – ұлттық жазуымызды қалыптастыру. Басқа халықтар сияқты қазақтар да латын әліппесі негізінде өзінің ұлттық жазуын қалыптастыруға тиісті. Өйткені бұл мәселе замана

талабы, өркениетті де тәуелсіз ел болудың алғышарттарының бірі. Жазу алмастыру тек тіл саясатына ғана емес, бір жағынан экономика мен демографиялық жағдайға да, бір жағынан әлеуметтік, демократиялық үрдіске де, бір жағынан өркениетті ел болуға қадам басқан халқымыздың жарқын болашағын ойлауға да байланысты «жеті өлшеп бір кесуді» талап ететін нәзік те күрделі, қиын болса да, қажеттілігі зор мәселе. Әр кезде қолданыста болған (араб, латын, кирилл) жазуларының ішінен бүгінгі заман талабына сай, әрі қолайлы, әрі техника тілі латын әліппесіне ауысуды халықтың көпшілігі айқын көреміз.

«Латын әліппесіне көшу» деген қазақтар үшін мүлдем жаңа жазу қабылдау емес, мұндай жағдайды еліміз тарихи кезеңдерде басынан кешірген болатын. Бірақ бүгінгі үрдістің бұрынғыдан бір айырмашылығы: бүгінде ол халықтың өз қалауымен, жаңа заман талаптарына сай, мемлекеттік тіліміздің биік мәртебесіне лайықты ұлттық жазуымызға тұрақты тұғыр ту, туыстас халытармен бірге болу сияқты ізгі мақсаттарға байланысты қабылдануы.

Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Әлемдегі елдердің 80-нен астамы латыннегізді әліпбиді пайдаланады.

Жер жүзі өркениетті елдердің барлығы өздерінің жазу мәдениетін компьютер техникасы арқылы дамытып отырған бүгінгі таңда мұндай болашағы зор мүмкіншілікті бізде толық пайдалануымыз керек. Ал бұл техниканың тетігі латын жазуында екені белгілі. Сондықтан да латынды қабылдау деген сөз – болашақпен санасу. Қайта міндетті түрде шетел тілдерін оқитын барлық халықтар үшін мемелекет тілінің латын әліппесін қабылдауымыздың пайдасы болмаса, зияны жоқ.

Рухани жаңғыру негізінде қолға алынған қазақ жазуына реформа жасау арқылы ой-санамыз бірге жаңғыратыны рас, алайда жаңаша ойлау деген ұлттың табиғатына, тілдің болмысына жат, өзгенің болмысынан шығару емес, жаңаша ойлау деген ұлттың болмысы мен табиғатынан шығатын, ұмыт қалған көне мен ескіні қалпына келтіре отырып, жаңаша пайымдау. Латын әліпбиіне оралу тарихымыздың төрінде қалған ойлар мен сөзқолданыстарды қайта зерделеп, орфографиялық ережеге сай латынжазулы емлеге негіздеп, сингармонизм заңына бейімдеп жазу.

Ахмет Байтұрсынұлы емлеміз қалай жасалса да, негізі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу керектігін атап өткен. Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін білеміз. Сөз жазылуы керек айтылуы бойынша, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың харпі жазылсын [1, 485] деп талап етеді, ол жазылмай, басқа харіп жазылатын болса балада нағыз ми ашу болады дейді. Қазақ емлесінің 70-80%-ы дыбыс жүйелі [1, 499]. Оны білу үшін буынды жақсы тану, дұрыс буындай білу, сөздің буындарын біліп отырып жазуға әдеттену керек деп дыбыстың қалай түзілетініне аса назар аударады.

Академик Әбдуәли Қайдар «Латын әліппесіне көшу деген сөзді қалай түсінуге болады және оны қалай жүзеге асырамыз?» деген сұраққа былай жауап береді: «Латын әліппесіне көшу» деген қазақтар үшін де, басқа түрк халықтары үшін де - мүлдем жаңа жазу қабылдау емес: мұндай «дәуірді» қазақтар да, басқа ұлттар мен ұлыстар да басынан кешірген болатын. Демек, латын әліппесіне «көшу» деген ұғымды дәлірек айтсақ, ол – «кезінде бүкіл түрк халықтары түгел пайдаланған ортақ жазуға қайта оралу» [2, 43]. Латын әліпбиі негізінде қазақ жазуы мен емле ережелері қайта қаралып, тіліміздің заңдылықтарын ескере отырып ұлттық жазу жүйесін қалыптастырамыз.

Латын әліпбиі негізінде 2018 жылы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» жобасын әзірледі. Бұл алғашқы жаңа әліпбидің грамматикалық тұрғыдан зерттелініп, ұсынылған жобасы. Ереже жобасы Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық және Әдістемелік жұмыс топтарының бірлескен ғылыми-практикалық семинар-кеңестерінде қаралып, талқылаудан өткен.

Халқымыздың латын әліппесін үйренуі ешбір қиындыққа түспейді деп ойлаймыз, себебі, латынды бұрын оқығандар мен шет тілі арқылы үйренгендер үшін оның оқу мен жазуын меңгеру, бас-аяғы аз ғана уақытқа созылуы мүмкін. Қазақ тілінің бұл жазу арқылы өзіндік табиғи ерекшеліктерін (дыбыс құрамын, буын жүйесін, үндестік заңын т.б.) емін-еркін дамыта алады, тіліміздің ауызша айту (орфоэпиялық) нормасы мен жазу емлесі (орфографиясы) тіліміздің заңдылықтарына негізделіп жасалды. Тілдің өзіндік ерекшеліктеріне, дыбыстау мүшелерінің қызметінің әр түрлілігіне байланысты тіл дыбыстарының өзіндік ерекшеліктері болады. Көп әліпби жобаларының ішінен таңдалып алынған жаңа әліпбидің ұтымды жерлері көп. Жазуды қиындатпай, қазақ тілінің төл дыбыстарын диаграфтан (қосарланған әріптен) бас тарттық. Оның орнына «ә» (A’ a’), «ғ» (G’ g’), «и», «й» (I’ i’), «ң» (N’ n’), «ө» (O’ o’), «ш» (S’ s’), «ч» (C’ c’), «ү» (U’ u’), «у» (Y’ y’) дыбыстарын әріптерге ноқат қосу арқылы белгіленді [3, 9]. Ал қазақ тілінде пайдаланылмайтын орыс тілінен енген «ц», «я», «ю», «ё», «щ» әріптерінің жаңа әліпбиге енбегені дұрыс болды. Сонымен, қазіргі кириллицаның 42 әрпінің орнына 32 дыбысты 32 әріппен белгілеу қазақ тілінің оқу, жазу тәсілдерін жеңілдетті. «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» жобасы көпшілік назарына ұсынылып отыр. Жаңа әліпби бойынша 32 әріп, оның 9 дауысты, 23 дауыссыз. Қазақ тілі емлесін алғашқы болып жасаушылардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғаты бойынша дауысты дыбыстар сөздің жаны есебінде, дауыссыз дыбыстар һәм жарты дауысты дыбыстар сөздің тәні есебінде. Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды сондай билейді [1, 479]. Яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз иә жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады. Бұлай

болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылатындығы да айрылғаны. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері бойынша дауысты дыбыс әріптерінің емлесіне тоқталсақ.

Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер: а-***a,*** ә-***á,*** е-***e,*** і-***i,*** о-***o,*** ө-***ó,*** ұ-***u,*** ү-***ú,*** ы-***y.***

Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі. Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер: б-***b,*** д-***d,*** ф-***f,*** г-***g,*** ғ-***ǵ,*** х,h-***h,*** и,й-***ı,*** ж- ***j,*** к-***k,*** л-***l,*** м-***m,*** н-***n,*** ң-***ń,*** п-***p,*** қ-***q,*** р-***r,*** с-***s,*** т-***t,*** в-***v,*** у-***ý,*** з-***z,*** ш-***sh,*** ч-***ch.*** Бұл әліпби жүйесінде біздің ойымызша сұрақ тудырып тұрған әріптер ұ-***u,*** ү-***ú,*** ы-***y,*** у-***ý,*** х,h-***h,*** и,й-***ı,*** тіл мамандары тарапанынан қайтадан қарастырылып жатыр. Ұлттық жазуымызды қалыптастыру барысында әліпбидің ең оңтайлы нұсқасын қабылдауымыз керек.

«Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерін» оқыту тікелей жаңа технологиямен байланысты. Рухани жаңғыру барысында мемлекеттік тіл мен білім беру саласында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа Жолдауында Үкіметке «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру жүктелді [4].

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары:

1. Экономика салаларын цифрландыру.
2. Цифрлық мемлекетке көшу.
3. Цифрлық Жібек жолын іске асыру.
4. Адами капиталды дамыту.
5. Инновациялық экожүйені құру [4].

Осы бағыттардың ішінде адами капиталды дамыту бойынша цифрлық экономика халықта оның жемістерін пайдалануға мүмкіндік беретін цифрлық дағдылардың болуын талап етеді. Бұл ретте, қазіргі кезде халықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылығының деңгейі 76,2% құрайды, және алдағы жылдарда оның өсуі қажет. Сонымен қатар, жас ұрпаққа жаңа талаптарды ескере отырып, креативті ойлау мен техникалық дағдыларын дамыту арқылы орта білімнің мазмұнын қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Білім берудің барлық деңгейінің мазмұнын барлық мамандардың цифрлық дағдыларын дамыту арқылы толығымен қайта қарау қажет. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы негізінде латыннегізді әліпбиімізді халыққа үйретуде цифрлық технологияның беретін мүмкіндіктері зор, соның бірі пернетақтаға қазақ тілінің латыннегізді әліпбиін енгізу. Бұл пернетақтаны күнделікті өмірде қолдану аясында жаңа әліпбиді меңгеру үдерісі жылдам әрі қолжетімді болады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі - білім беру саласында сандық сауаттылықты меңгерту, білім сапасын арттыру үшін дүниежүзілік тәжірибеден үздік инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану. Елімізде білім беру үш тілде

жүретіндіктен ағылшын тілін жетік меңгерген жас буын, латын әліпбиі арқылы қазақ сөздерін есте сақтауда және оқуда тез бейімделеді. Жаңа әліпби тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуге септігін тигізеді. Қазақ тілінің болашағын қалыптастыруда латын негізді әліпби арқылы тілімізді, әдебиетімізді, мәдениетімізді, технологиямызды жаңғыртып, өзіндік үлгімізді қалыптастырамыз.

Мемлекетіміздің барлық саласы жаппай цифрландыруға көшіп жатқандықтан халықтың латын негізді әліпбиін меңгеріп кетуі аса бір қиындық тудыра қоймас. Бүгінгі компьютер заманында интернет желісіне үстемдік етіп отырған латын қаріптері. Қолданылатын сайттар мен қарапайым электронды поштамыз, көліктердің нөмірлері де осы латын әріптерімен жазылады. Жаңа әліпби қазақ тілінің мемлекеттік қызметін дамытуда, технологияға бейімдеуге, болашақ ұрпаққа ыңғайлы болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
2 Қайдар Ә. Өнегелі өмір / ред.басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. Ш. 166. – 385 б.
3 «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері» Астана, 2018. – 30 б.
4 «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту. URL: http://adilet.zan.kz.